



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 29 П Р Е С С - Р Е Л И З
2006 ЖЫЛҒЫ 17 ҚАЗАН

Халықаралық резервтер мен
ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегенде) және ақша базасы 2006 жылғы 16 қазанда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн. долл.	12 645,3	12 520,5
оның ішінде:		
ЕАВ ² таза активтер	11 534,0	11 534,0
Алтын	1 111,3	986,5
Ақша базасы, млрд. теңге	1 080,1	1 080,1
Тар ақша базасы ³ , млрд. теңге	1 048,5	1 048,5
ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге	31,6	31,6
КЗТ/USD (кезең аяғында)	127,76	133,98
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	577,90	513,00

1 2005 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

2 ЕАВ таза активтер – бұл ЕАВ-мен жапты активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма

3 Тар ақша базасы – бұл ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін ескермегенде

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2006 жылғы қазанның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 6,1 %-ға (немесе 823,1 млн. долл.) төмендеді. Ішкі валюта нарығында валюта сату, Қаржы министрлігінің ішкі борышына қызмет көрсету, Ұлттық қордың активтерін толықтыру бойынша операциялар жүргізу, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттарындағы шетел валютасы қалдықтарының төмендеуі таза валюта қорының (ЕАВ) 777,2 млн. долларға төмендеуіне әкелді. Алтынмен активтер оның әлемдік нарықтағы бағасының 3,96 %-ға төмендеуі нәтижесінде 45,9 млн. долларға азайған.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 5,8 %-ға, ЕАВ-мен таза активтер 6,3 %-ға төмендеді, алтынмен активтер өзгерген жоқ.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) Ұлттық қордың ақшасын (алдын ала деректер бойынша 11 803,7 млн. долл.) қоса алғанда 24 452,9 млн. долл. болды. Өткен айда төмендеу 2,1 %-ды құрады.

2006 жылғы қазанның бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің төмендеуі ақша базасының 9,7 %-ға (немесе 116,1 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.